

АҚШ-тың Діни Бостандық Жөніндегі Халықаралық Комиссиясы (USCIRF) Мемлекеттік Департаменттен бөлек және айырым бір ұйым болып табылады. Ол Америка Конгресімен құрылған, тәуелсіз, АҚШ-тың екі партиясымен қолданатын, бүкіл әлем бойынша діни бостандықты бақылайтын және Президентке, Мемлекеттік хатшыға және Конгреске саяси ұсыныстар беретін мемлекеттік сабағаттық комитет. USCIRF осы ұсыныстарды біздің заңмен қарастырылған өкілетімізбен және Жалпыға Бірдей Адам Құқығы Декларациясымен және басқа халықаралық құжаттармен орнатылған стандарттарға сай негіздейді. 2016 жылғы Жылдық есеп беру Өкілдер мен кәсіби қызметкерлер құжаттаған іс бойынша қиянат етушіліктер мен АҚШ үкіметіне тәуелсіз саяси ұсыныстарды жасау арқылы жылдық жұмыстың шарықтауын көрсетеді. 2016 жылғы Жылдық Баяндама 2015 жылдың 1 ақпанынан бастап 2016 жылдың 29 ақпанына дейінгі кезеңді қамтиды, алайда кейбір жағдайларда бұл мерзімнен кейін орын алған елеулі оқиғалар да көрсетілген.

Қазақстан

Зерттеудің негізгі нәтижелері: Қазақстан үкіметі халықаралық деңгейде «дәстүрлі» діни топтар үшін діни сенім бостандығын көтермелеп жатыр, алайда ел бойынша діни сенім бостандығының жағдайлары 2015 жылы нашарлауын жалғастырды. Елдің 2011 жылы қабылдаған қатал діни заңы тіркелмеген діни қызметке тыйым салдырып, діни ұйымдарды жабу, полиция рейдтерін өткізу, қамау және өсімпұлдар салу арқылы жүзеге асырылды. Заңның ауыртпалықты тіркеу талаптары тіркелген діни топтар санының, мұсылман және протестанттықтардың күрт төмендеуіне алып келді. Осы мәселелер бойынша 2016 жылы USCIRF Қазақстанды қайтадан 2-ші қатардағы тізімге қосты, ол 2013 жылдан бері сол тізімде тұр.

Мағлұматтар

Қазақстан халқының саны 17,7 млн құрайды. Соның ішінде шамамен 65 пайызы мұсылмандар, негізінен Ханафи мазхабының сүнниттерін ұстанатындар; орыс православие христиандары 25 пайыз; ал басқа топтар, соның ішінде еврейлер, рим және грек католиктері, түрлі протестанттық конфессиялар, және т.б.әр бес пайыздан төмен мөлшерді құрайды. КСРО кезінде, көптеген ұлты қазақ емес Кеңес азаматтары (негізінен орыстар) ауыл шаруашылық өнімнің көлемін кеңейту үшін Қазақстанға көшіп, олардың саны жергілікті түркі-мұсылман қазақтардың санынан асып түсті. Қазақстан тәуелсіздік алғаннан кейін, қазақ емес ұлттардың көпшілігі елден көшіп кетті, оның үстіне ресми репатриациядан бір миллиондай этникалық қазақтар Қытайдан елге қайтып, ұлт санын арттырды.

2011 жылғы діни заңға дейін, Қазақстан посткеңестік Орталық Азиядағы дін немесе сенім бостандығына қатысты ең либералды елдердің бірі ретінде көрінді. Алайда діни заң мүше саны жоғары деңгейде болуын және тағы басқа күрделі тіркеу талаптарын орнатады және

тіркелмеген діни қызметке тыйым салады; рұқсат етілген діни қызмет пен оқытуды, діни материалдарды таратуды және діни қызметкерлерді дайындауды шектейді; және бұл заң мәлімделген бұзушылықтар үшін айыппұлдарды көтерді. Діни заң барлық діндердің тең құқықтық жағдайлары бар деп мәлімдесе де, өзінің кіріспесінде артықшылықты ресми мәртебені ескере «Ханафи мазхабындағы ислам мен православие христиандығының тарихи рөлін мойындайды». Үкімет сонымен қатар, арнайы діни ұйымдарға қарсы шыдамсыздықпен әрекет ететін «секталарға қарсы орталықтарды» қолдайды. Полиция мен құпия полиция діни бірлестіктердің әрекеттерін бақылап жүреді, бірақ әлсіз топтардың көптеген мүшелері мемлекеттік қуғынға ұшыраудың қорқынышынан бұл мәселені талқылауға бата алмайды.

2011 жылы енгізілген заңның күрделі тіркеу ережелеріне қатысты, барлық діни ұйымдарға 2012 жылдың қазанына дейін қайта тіркелу қажет болды. Ұйымдар мүшелік сандарына байланысты ұлттық, аймақтық және/немесе жергілікті Әділет министрлігінің органдарына тіркелуге тиісті болды (жергілікті деңгейде тіркеу үшін 50 мүше; аймақтық деңгейде тіркеу үшін кем дегенде екі аймақтарда 500 мүше; ұлттық деңгейде тіркеу үшін елдің әр аймақтарында 5000 мүше). Көптеген бұрын тіркелген топтар жаңа шектеулердің талаптарына сәйкес келмеді және елде тіркелген діни топтардың жалпы саны күрт төмендеді. 48 «дәстүрлі емес» діни ұйымдардың тек 16 ғана қайта тіркелді. Евангелиялық христиан-баптистері одағының 11000 мүшелері ар-ождан мәселесінің негізінде тіркелуден бас тартты. 2013 жылға қарай мемлекеттік қолдауға сүйенетін Қазақстан мұсылмандары діни басқармасымен (ҚМДБ) қолданған мұсылман топтары ғана тіркелді. Шииттер мен Ахмади-мұсылмандары құқықтық мәртебесінен айрылды, өйткені мешіттерге негізінен арнайы этникалық топтар баратын. Католик қауымдастықтары үкімет пен Қасиетті Тақ арасындағы келісім-шарт негізінде тіркеу шараларын орындаудан босатылды.

Бақылаушылар Астана қаласында тіркелген «Благодать» пресвитериан шіркеуінің пасторы, зейнеткер Бақытжан Қашқымбаевтың 2013 жылы мамырдан бастап екі жылға созылған қылмыстық қудалануы мен оның отбасына жасалған қысымды Қазақстандағы діни бостандықтың күрт төмендеуінің көрсеткіші деп санайды. Түрмеге қамалу кезінде бір ай бойы «кеңестік-стиль» әдістерімен, пастор Қашқымбаевқа мәжбүрлеп психотроптық препараттар енгізген.

2014 жылдың шілде айында Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаев Қазақстанның әкімшілік және қылмыстық тәртіптерінің кодекстеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізді. Жаңа әкімшілік баптар дін және сенімге қатысты мәлімделген бұзушылықтарға негізінен бұрынғы айыппұлдарды қайталайды, ал жаңа қылмыстық ережелер сотталғандар үшін шектеулерді орнатады. Өзгертілген кодекстер 2015 жылдың 1 қаңтарынан бастап күшіне енді. 2014 жылы Діни сенім бостандығы бойынша БҰҰ және 2015 жылы Ассамблея мен Қауымдастықтың бостандығы жөніндегі арнайы

баяндамашылар Қазақстанға сапармен келді. Діни сенім бостандығының арнайы баяндамашысы «тіркелмеген діни топтарға Қазақстанда қандай да бір діни атқарымдарды орындауы өте қиын» деп алаңдаушылық танытты. Ассамблея мен Қауымдастықтың бостандығы жөніндегі арнайы баяндамашы қауымдастық бостандығының құқығы конституциялық тұрғыдан кепілдік етілгенімен, «заңдар мен процессуалдық нормалардың желісі нақты бостандықты, ... [соның ішінде] діни қауымдастықтардың жұмысын шектейді» деп айтты.

2004 жылдан бері Қазақстан үкіметі негізгі халықаралық дінаралық кездесуді, Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлерінің Съезін ұйымдастырып және өткізіп жатыр. 2015 жылы маусымда Қазақстан сол Съездің бесінші жиналысын өткізді.

Діни сенім бостандығының жағдайлары 2015-2016

Тіркелу мәселелері: Мәлімдемелер бойынша, Қазақстанның мемлекеттік өкілдері тіркелмеген діни топтардың қызметтерін шектеуді жалғастырды, мысалы, Атыраудағы протестанттық шіркеу мен кейбір арнайы тіркелген қоғамдар, Қостанайда тіркелген Харе Кришна тобы. Мемлекеттік өкілдер Петропавл қаласындағы татар-башқұрт қоғамын тіркеуді бас тартуын жалғастырды және 2015 жылдың соңына қарай қоғам мешіті тіркелген ұйым ретінде конкурсқа қатысты, бірақ сәтсіз болды.

Тіркелмеген діни қызмет үшін айыппұлдар: Айыппұлдарға алып келетін 2011 жылғы дін туралы заңның ең көп тараған бұзушылықтары діни мәтіндерді лицензиясыз тарату, талап етілген «миссионерлік» тіркеусіз дінді талқылау және тіркеусіз дін тұту кездесулерін өткізу болып табылады. Тіркелмеген діни қызмет үшін айыппұл төлеуден бас тартқан Баптистік Шіркеудің 25 Кеңесі бар, олар Әділет министрлігінің борышкерлер тізімінде тұр және Қазақстаннан кетуге мүмкіндіктері жоқ. Иегова Куәгерлері де осы «құқық бұзушылықты» жасағаны үшін қылмыстық жауапкершілікке тартылды. 2015 жылдың желтоқсанында, соттар Иегова Куәгерлерінің екі әйелге қарсы, соның ішінде 74 жастағы зейнеткерге, өздерінің сенімі туралы айтқаны үшін, ірі айыппұл салды.

Протестанттарға қатынас: 2015 жылы желтоқсан айында сот Жетінші күн адвентистері шіркеуінің мүшесі Ықылас Қабдуқаасовты екі жылға еңбек-түзеу лагеріне жіберуді тағайындады, оның алдындағы айда төменгі соттың жеті жыл бас бостандығынан шектеу жазалау шарасын көбейтті. Форум 18 жаңалықтар қызметінің хабарлауы бойынша, 54 жастағы сегіз баланың әкесі өз сенімін талқылағаны үшін «діни алауыздықты қоздырды» деп айыпталды. 2016 жылы қаңтарда Ақтауда полиция ресми қол сұғудың нысанасы ретінде жиі болып тұрған «Жаңа өмір» елулік шіркеуінің дін тұту кездесуіне рейд жасады. Екі жергілікті пасторлар полицияға шіркеу құжаттарын алып келуі тиіс болды. 2015 жылы шілдеде, полиция Алматы маңындағы Қапшағайда тіркелген Баптистер

Шіркеуінің балаларға арналған жазғы лагерьді қадағалады. Полиция рейдінің бейнежазбалары жергілікті БАҚ берілді, ал олар лагерь ұйымдастырушылары дінді «заңсыз» оқытып жатыр деп ресми айыпты қайталады.

Экстремизм айыптары: Экстремизмнің қылмыстық айыптары үнемі бейбіт діни қызмет үшін жеке тұлғалардың ауқымына салынады. Сот тыңдауының материалдары «экстремистік» болғаны немесе болмағаны жөніндегі шаралары жарияланбайды. Мемлекеттік сайттарда тыйым салынған мәтіндердің кең тізімі бар. 2015 жылы экстремизм айыптары атеист жазушы Александр Харламовқа қарсы жалғасуда, ол 2013 жылы бес айға қамауға алынды, соның ішінде бір ай психиатриялық тексеруде болды. «Таблиғ Жамағаты» мұсылмандық миссионерлік қозғалысына 2013 жылы тыйым салынған, ұйғарынды мүшелердің сот істері жабылды. 2016 жылдың ақпан айында Форум 18 ұйғарынды «Таблиғ Жамағаты» мүшелігі 2014 жылдың желтоқсанынан бері 25 тұлғаны айыптағанын мәлімдеді. Олардың ішіндегі он үш тұлға түрмеге қамалды және қалған 12 тұлғаның бас бостандығын шектеді. Оған қоса үш тұлға сот ісінде болды және біреуі мәлімдеу кезеңі соңында сотқа дейінгі ұстауда болды. (Сотталған Қазақстандық «Таблиғ Жамағаты» мүшелері туралы көбірек деректерді қосымшадан қараңыз.)

Мемлекеттің мұсылмандарды күшейтілген бақылауға алуы: Қазақстан үкіметімен тығыз байланысқан ҚМДБ мешіт құрылысын, теологиялық емтихандарды және ұмтылысы бар имамдардың биографиялық мәліметтерін тексеруді және қажылыққа баруды қадағалайды. Мағлұмат бойынша ҚМДБ-ға біріккен мешіттер өз кірістерінің үштен бірін оған жіберу керек, ал қосылмаған имамдарға және мешіттерге бірігіп қосылуына немесе жабылуына қысым жасайды. Мешіттердің күшейтілген ресми бақылауы халық наразылығын және ресми дискриминацияны туғызды, әсіресе батыс Қазақстанда. 2011 жылы дін туралы заңды қабылдағаннан кейін, Қазақстандық мемлекеттік тұлғалар колледждер, түрмелер, ауруханалар мен әуежайлар тәрізді көптеген қоғамдық ғимараттарда намаз оқу бөлмелерін жауып тастады. 2015 жылы шілдеде Шымкент қалалық әкімшілігі мен жергілікті құпия полиция қала нарығында мұсылмандардың намаз оқу бөлмесін жапты. Астанадағы Назарбаев Университетінде бұдан әрі намаз оқу бөлмелеріне рұқсат етілмейді; студенттерге тек өз жатақхана бөлмелерінде ғана жалғыз намаз оқуларына болады деп айтылды. 2015 жылы маусым айында Түркістандағы Қожа Ахмет Яссауи университетінде үш түрік ұстаздарына айыппұл салынды, ал кейін «заңсыз миссионерлік қызмет» айыбымен сопылық исламды оқытты деп Қазақстаннан шығарылды.

Діни материалдарға шектеулер: Үкімет барлық діни мәтіндерді цензуралайды және діни материалдардың сату орындарын шектейді. Діни заңның қатаң ережелері бойынша, тек Ханафи мазһабының сүннит мұсылмандарының материалдарын ғана кейбір кітап дүкендерінде сатуға болады. Тіпті ресми рұқсаттары бар кітап сатушылар да мемлекетпен қиын жағдайға түспеу үшін діни мәтіндерді сатпауға тырысады. Иехова куәгерлері 14

мәтіндерді импорттау жөніндегі өздерінің барлық заңды мәселелерімен сәтсіздікке ұшырады, соттың мәлімдеуінше олар «христиандықтың іргелі ілімдерін жоққа шығарады». 2015 жылдың сәуірінде Орал қаласында Үкімет салафиттік деп есептеген дұға оқуға арналған компьютерлік бағдарламаны сатқаны үшін, Эльдар Сүндетқалиевке әкімшілік сот бір айлық орташа жалақыға айыппұл салды. 2015 жылдың ақпан мен мамыр айында, Қызылорда қаласында полиция мұсылман діни мәтіндерін, соның ішінде Құранды сатты деп екі кітап дүкендеріне ресми рұқсатсыз рейд жүргізді және мамыр мен қыркүйек айларында кітап саудагерлерінің әрқайсысына төрт жарым айлық ең төменгі жалақы мөлшеріне айыппұл салынды және кітаптарды үш ай сатуға тыйым салды. Шіркеулер Кеңесінің мүшесі Николай Новиков 2013 жылы қоғамға цензураланбаған діни мәтіндерді ұсынғаны үшін айыппұл төлемегеніне үш жылға түрмеге қамау мәселесі тұрды, бірақ халықаралық наразылықтардан кейін, оған қарсы қылмыстық іс тоқтатылды деп хабарлайды. Баптистік Шіркеулер Кеңесінің бірнеше төленбеген айыппұлдарымен қатар, Новиков Әділет министрлігінің халықаралық сапар шегуге тыйым салынған адамдардың тізімінде тұр.

АҚШ саясаты

Кеңес Одағының ыдырауынан кейін Америка Құрама Штаттары Қазақстанның тәуелсіздігін мойындаған алғашқы ел болды, ал қазір ол Қазақстан экономикасында ең ірі тікелей шетелдік инвестордың бірі болып табылады. Негізгі екі жақты мәселелер аймақтық қауіпсіздік, оның ішінде Ауғанстанды тұрақтандыру шаралары мен ядролық қаруды таратпау саясатын қамтиды. Қазақстан ядролық қауіпсіздік бойынша жетекші рөл атқарады; 1991 жылы Қазақстан Президенті Нұрсұлтан Назарбаев Семей ядролық сынақ полигонын жапты. Қазақстан 2017-18 жылдары Біріккен Ұлттар Ұйымы Қауіпсіздік Кеңесінің өзгермелі орын (Азия-Тынық мұхиты тобына бөлінген) үшін кандидат болып табылады.

2015 жылы қыркүйек айында, Президент Обама Қазақстан Президенті Нұрсұлтан Назарбаевпен кездесті. 2015 жылдың қараша айында Америка Құрама Штаттары мен барлық бес посткеңестік Орталық Азия мемлекеттері (С5 + 1) жүйелі кездесулер өткізу, адам құқықтарын қорғау, демократиялық институттарды дамыту мен тәжірибелер және азаматтық қоғамды нығайту үшін белгілі заңнамалар мен халықаралық заң қағидаттарын сақтауға Серіктестік пен Ынтымақтастықтың Біріккен Декларациясына қол қойды.

АҚШ пен Қазақстан өңірлік ынтымақтастық, демократиялық реформалар, заң үстемдігі, адам құқықтары, азаматтық қоғам, экономикалық даму, энергетика, ғылым, технология және адамдардың өзара қатынастары тәрізді бірнеше екіжақты мәселелерді, 2012 жылы құрылған АҚШ пен Қазақстанның Стратегиялық Серіктестік Диалогы (ССД) арқылы талқылады. Осы мәселелер ауқымында жұмыс істейтін топтар бар. АҚШ пен Қазақстанның төртінші ССД Штат хатшысы Джон Керри 2015 жылы қараша айында Қазақстанға сапармен келген кезде өтті. Екі тарап жаңадан іске қосылған С5 + 1 құрылым

Орталық Азиядағы тұрақтылық пен дамуға үлес қосып, терроризм мен зорлық-зомбылық экстремизмге қарсы ынтымақтастықты тереңдету кепілдігіне оптимизм танытты. Америка Құрама Штаттары 2015 жылдың маусымында зорлықты экстремизмге қарсы аймақтық конференция өткізгені үшін Қазақстанға алғысын білдірді. Қазақстан мен АҚШ, сондай-ақ әлеуетті нығайту бағдарламалар арқылы әскери ынтымақтастықты күшейту үшін бесжылдық жоспар жасады. 2015 жылы ақпанда Қазақстан мен АҚШ Өзара құқықтық көмек көрсету келісіміне қол қойды.

Қазақстандағы АҚШ ХДА бағдарламалары азаматтық қоғамды қолдауға көмектеседі, ақпаратқа қол жетімділікті арттырады, азаматтық ынталы топтарды нығайтады, тәуелсіз сот билігін көтермелейді және адам құқықтарын қорғауды ынталандырады. АҚШ ХДА сондай-ақ адам құқықтары мен заң үстемдігін қоса, реформаларды жүзеге асыру үшін Қазақстан үкіметімен азаматтық қоғамдық серіктестік қатынастарды қалыптастыруға көмектеседі.

АҚШ саясатына ұсыныстар

АҚШ-тың Діни Бостандық Жөніндегі Халықаралық Комиссиясы АҚШ үкіметіне мынадай шараларды орындау қажет деп кеңес береді:

- Қазақ үкіметінен БҰҰ-ның арнайы баяндамашыларының заңды реформа мен құқықты қолдану саясаттарын өзгертуге қатысты Қазақстанға жақында жасаған сапарларынан кейін шығарылған Діни сенім бостандығы және Қауымдастық пен ассамблея бостандығы бойынша ұсыныстарын қабылдауын сұрау;
- Қазақ үкіметіне аз санды діни топтарды қоса, Қазақстан аумағында бейбіт тұратын діни бірлестіктердің өкілетті топтарын Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының съезіне шақыруды үндеу;
- Қазақ үкіметінен үш ЕҚЫҰ Төзімділік жөніндегі жеке өкілдерінің сапарларына келісуін, бірлескен сапарға арнайы күнді белгілеуін және сондай сапарлар үшін толық және қажетті жағдайларды қамтамасыз етуін сұрау;
- Стратегиялық серіктестік диалогына діни сенім бостандығы туралы мәселелердің талқылауы кіретінін қамтамасыз;
- АҚШ қоғамдық мәлімдемелері мен Қазақстан үкіметімен жеке өзара қарым-қатынастарындағы ар-ождан тұтқынын босатуды және әрбір тұтқынның өз отбасымен, адам құқықтарын бақылаушылармен, тиісті медициналық көмек, сондай-ақ заңгермен байланысуға мүмкіндікті қамтамасыз етуді талап ету;
- АҚШ елшілігі елшілік деңгейде құқық қорғаушы активистермен белсенді байланыстарды жүргізетініне көз жеткізу; және

- Азаттық Европа радиосы/Азаттық радиосының Өзбек қызмет көрсету вебсайтын, Мұсылмандар және Демократия сайттарын АҚШ әрі қарай қаржыландыруын жалғастыруды қамтамасыз ету үшін Елбасылар Хабарының Кеңесінің қолдауын сұрау және осы материалды қазақ тіліне аударуды қарастыру.